



№63 (9846)

9 тамыз,
сейсенбі
2022 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жарна

Жарна

Қызылорда облысы

Жалағаш
ауданы

Ел жаңалықтары

Тұрғын үй бағасы қымбаттады

Қазақстанда бір жылда үй бағасы шамамен 25 пайызға қымбаттаған. Бұл туралы Ұлттық статистика бюросы мәлім етті.



«Бір жылда қолданыстағы пәтерлерді қайта сату бағасы – 26,4 пайызға, жаңа тұрғын үйлерді сату 19,6 пайызға өсті. Тұрғын үйді жалға алу төлемі өткен жылғы тиісті мерзіммен салыстырғанда 2022 жылғы шілдеде 20,8 пайызға артты», – деп атап өтті бюро өкілдері.

Өңірлер бойынша жаңа салынған тұрғын үйлер нарығындағы баспана жылдық мәнде Ақтөбе қаласында 32,5 пайызға, Нұр-Сұлтанда 27,6 пайызға, Өскеменде 26,1 пайызға қымбаттаған. Қолданыстағы үйлерді қайта сату нарығында баға өсімі бойынша көшбасшылар – Қызылорда 44 пайыз, Өскемен 43,7 пайыз, Талдықорған 43,4 пайыз және Нұр-Сұлтан қалалары 41,3 пайыз, ал тұрғын үйді жалға алу нарығында – Алматы қаласы 47,2 пайыз.

«Бір айдың ішінде 2022 жылғы шілде мен маусымды салыстырғанда пәтерлерді қайта сату бағалары 0,8 пайызға, жаңа тұрғын үйді сату 0,5 пайызға өсті. Аббаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі алдыңғы аймен салыстырғанда шілдеде 0,4 пайызға жоғарылады», – делінген бюро хабарламасында.

Интернет алаяқтары көбейген

ҚР Ішкі істер министрлігінің өкілі Шұғыла Тұрлыбектің айтуынша, интернет-алаяқтыққа қарсы бірлескен жұмысты талқылау үшін министрлікте арнайы отырыс өтті.



«Жиынға Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкілдері қатысты. Сондай-ақ байланыс операторларының басшылары мен жауапты мамандары кездесуге онлайн режимде қосылды. Кеңесте соңғы алты жылда интернет-алаяқтық фактілерінің саны айтарлықтай артқаны атап өтілді», – деді Ш.Тұрлыбек ведомствоның онлайн брифингінде.

2016 жылы осындай мың қылмыс тіркелсе, 2021 жылы алаяқтық саны 21 мыңға дейін өскен. Жыл басынан бері 11 763 оқиға тіркеліп, алаяқтардың кесірінен 7 млрд теңге шығын келтірілді. 571 қылмыскер, 17 ұйымдасқан қылмыстық топ ұсталды.

«Бұған дейін министрліктің бастамасы бойынша онлайн-қарыз алу кезінде клиенттерді сәйкестендірудің банктік рәсімдері қатаңдатылды. Қазіргі кезде алаяқтар абоненттік нөмірлерді ауыстыру бойынша сервистерді, телефондарға қашықтан қол жеткізу үшін арнайы қосымшаларды пайдаланады. Сондай-ақ олардың арасында шетелден әрекет ететіндер де бар. Жалпы ауыстыру нөмірлерін бұғаттау жүйесі телефондық алаяқтық фактілерін азайтуы керек. Бүгінде оны қазақстандық байланыс операторлары белсенді түрде интеграциялап жатыр», – деді Ш.Тұрлыбек.

Бұдан бұрын хабарланғандай, бір апта ішінде елімізде 3 397 қылмыс тіркелді. Оның 1 986-ы тәулік ішінде ашылды.

Мәселе

Баға бақылауда болса...

Нарыққа халықтың көңілі толмайды. Соңғы кездері базар бағасының күн санап шарықтап бара жатқаны тұрғындар тарапынан жиі айтылып жүр. Тіпті бұл әлеуметтің наразылығын тудырып отыр. Көпшілік бас қосқан жерлерде «Баға қайда барады?», «Бидайдың өзіміздің елде өндіріміз, үн мен нан қымбаттап жатыр», «Күрішті өзіміздің жерде өсіріп, базардан қымбат бағаға сатып аламыз», «Базар бағасына бақылау жасауға болмай ма?» деген әңгімелер желдей еседі. Халық бекерге аландап отырған жоқ. Тұрғындардың күнделікті тұтынып отырған басты азық-түлігі – үн өнімдері. Ал қазір сол үнның өзі шарықтап, халықтың қалтасына ауыр тиіп отыр.

«Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» деген сөздің жаны бар. Әлгіндегі біз сөз басында айтқан мәселе де бекерден-бекер қозғалып отырған жоқ. Заман қымбатшылықты белшесінен басқанда оның зардабы ең әуелі қарапайым халыққа тиетіні белгілі. Ал қымбатшылықты сезінген халық, қашанғы тиықтасын?! «Ашынғаннан шығады ашсың даусым» демекші, елдің жанайқайы орынды-ақ. Бұл мәселе сөз болғалы қашан. Әлсіз-әлсіз көтерілгенімен баға тұрақтылығы, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасында тұрақтылық көрінбей тұр.

Жуырда ғана ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кеңес өткізді. Кеңес барысында соңғы айда бағаның 0,8%-ға өскені атап өтілді. Мән берсек, бағасы ең көп көтерілген пияз, қант және күріш болса, қырыққабат, сәбіз және картоп бағасы тиісінше төмендеген екен. Ал «ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі қант саласын дамытудың кешенді жоспарын қабылдады. Енді оны іске асыру бойынша тиісті өңірлермен бірлесіп белсенді іс-қимыл жасау үшін шаралар қабылдау қажет. Сондай-ақ қантты бақсы әкелуіне квоталар бөлінген кезде, олар бұл жұмысты уақыттылы орындай алмайтын көптеген ұсақ жеткізушілерге таратылған. Осыған байланысты біз қант жеткізуде белгілі бір проблемалардың бар екенін байқадық. Сондықтан квота-

ларды бірнеше ірі көтерме жеткізушілер арасында бөлу керек. Олар шағын компанияларға қарағанда қантты төмен бағамен жеткізе алады» деген ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов қалайда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын бірқалыпты ұстап тұру қажет екенін баса айтты.

Елдегі ауыл шаруашылығы тауарларының бағасы шарықтауына байланысты облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірде азық-түлік тапшылығын туындатпас үшін қажетті қор көлемін ұдайы анықтап, әлеуметтік дүкендерде өнімнің жеткілікті болуын қадап айтқан еді. Сондай-ақ базар мен сауда нүктелеріндегі халық жиі тұтынатын өнім бағасының шекті бағадан аспауын қадағалап, тұрақтандыру қорының жұмысын күшейтуді, халыққа қызмет көрсететін нысандардың тазалығына жете мән беруді жүктеді. Ал аудан әкімдеріне аймаққа қажетті өнім қорын қамтамасыз ету үшін әрбір ауылда бақша дақылдарын өгу жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Иә, расымен мәселені шешудің бір жолы ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығы өнімдерін көбірек өндіру. Өзімізде өнім өндірілсе, бақша өнімдері сураныс тудырмаса бағаның жоғарылауына негіз болмайтыны анық. Өйткені өнім көп жерде тапшылық болмайды, ал тапшылық жоқ жерде бағаның негізсіз өсуі белең алмайды.

Аталған мәселе төңірегінде аппарат жиынында сөз қозғаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов болса әлеуметтік маңызы бар он тоғыз түрлі азық-түлік



тауарларының бағаларына жүргізілген мониторинг нәтижесінде жыл басынан бері он үш түрлі азық-түлік тауарына баға өсімі тіркелгенін атап өтті. Халық үшін ең маңызды мәселенің бірі осы – баға тұрақтылығына тоқталған аудан әкімі тиісті сала басшыларына жауапкершілікпен жұмыс жасауды тапсырды. Әсіресе аудан бойынша сауда орындарына мониторинг жүргізу ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі басшыларының ұдайы назарында болу керек екені айтып, азық-түлік бағасын өсірген кәсіп иелеріне байланысты ұсыныс беруді жеткізді. Ал Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, ішкі нарықты бидайдың, қанттың және тұздың қажетті көлемімен қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қабылданып жатқан көрінеді.

Бағаның тұрақтанбауы алып-сатарлардың көбеюінен болатыны да белгілі. Дайын жерге өзіміз еңбектеніп азын-аулақ бақша өнімдерін өгуіміз еріміз де,

қүзге қарай базар аралап, арзан өнім іздейміз. Уақытында әрі сураныс туындағанда арзан өнім қайдан болсын, керісінше алып-сатарлар өз ойындағы бағасын қойып, халықтың қалтасын қағып отырады. Нәтижесінде әлеуметтік күнәрісі төмендейді, бағада тұрақсыздық болады. Әріне кәсіпкер де осы елдің азаматы болғандықтан ортақ заңға бағынуға міндетті. Бағаны ойдан қояуына, белгіленген бағадан жоғарылатуға тиісті емес.

Ал «Сауда және интеграция министрлігіне өңірлер әкімдіктерімен бірлесіп, рұқсат етілген бөлшек сауда үстемесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты күшейтуді» тапсырған ҚР Премьер-Министрі де бағада тұрақтылық болуы керек екенін айтады. Рас, баға өсуінің салдарымен емес, себептерімен күресу керек. Сонда мәселені шешуді емес, алдын алуды ойлайтын боламыз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Егінжай – 2022



Шаруашылықтардың шаруасы ширақ

Аграрлық өңірдің тарихына үңілсек, Жалағаш ауданы ауыл шаруашылығы саласында әр жылдары толайым табысқа қол жеткізіп, ел қамбасын астыққа толтырды. Күріштен тау тұрғызған Еңбек Ері Несіпбай Апрезов, Тұршабек Елеусінов, Ұзақ Еспанов сынды бірқатар сала ардагерлерінің еткен еңбегі бүгінгі буынға үлгі болды. Міне, Жалағашқа «Қызылорданың Қостанайы» деген айдар таққан алдыңғы аға буын салған сара жолдың арқасында бұл дәстүр әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Бастысы бүгінде салада өндірілген өнім көлемінде есім бар. Қазір оның үстіне жергілікті шаруашылықтар техникалық базасын нығайтып жатыр. Бүгінде олардың көкейінде «Ала жаздай бапталған өнім жауын-шашынға ысырап болмай ма?» деген сауал да, уайым да жоқ. Себебі сала қазіргі таңда озық өрі заманауи техникалармен жарақталған.

Күріштің күтіміне қанық жалағаштық диқандар былтыр да күзгі науқанды оң нәтижемен қорытындылады. Сәйкесінше салада жиылған өнім көлемі артып, қамба да астыққа толды. Жалағашта жылына 120-130 мың тонна қара күріш қамбаға қыюылады екен. Шаруашылықтар алынған өнімді көршілес мемлекеттерге экспорттауда. Биылдың өзінде 1 550 тонна ақталған күріш шет елдерге экспортталса, былтыр 2 320 тонна Сыр салысы сыртқы нарықты қамтамасыз еткен.

Бүгінде ауданда 7 күріш ақтайтын зауыт жұмыс жасайды. Жергілікті шаруашылықтармен жиналған күріш өнімінің 30-40 мың тоннасын ақтап, арнайы қоймаларда сақтау арқылы аудан тұрғындарын күрішпен толық қамтамасыз ету жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Бұл шаралардың бағаның негізсіз өспеуіне тигізер пайдасы мол екені айтпаса да түсінікті. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі мамандары бүгінде жергілікті тұрғындарды күрішпен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік мол екенін айтады. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәй-

кес Жалағашта 35 486,5 гектарға өгіс орналастырылған. Оның ішінде Сырдың басты дақылы 18 501 гектарға себіліпті. Ал 720 гектарға бидай егілсе, 73 гектарға қант құмайы, 42 гектарға арпа, 39 гектарға соя, 520 гектарға мақсары, 445 гектарға сүрлемдік жүгері, 5 гектар алқапқа сулы, 2,5 гектарға қант қызылшасы, 4 903 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 7 186 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Мұнан бөлек 646 гектар картоп, 1 108 гектар көкөніс және 1 296 гектар басқа да бақша дақылдары егілген.

Біз биыл ауданда орналастырылған өнім түрлеріне қарап, егісті әртарапандыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргенін байқаймыз. Олай болуы да заңдылық, өріне. Бір жағынан бұл аяқ су мәселесінің алдын алуда сеп болса, келесі кезекте азық-түлік бағаларының қымбаттауына жол бермеуде таптырмас мүмкіндік. Оның үстіне жергілікті шаруашылықтардың тәжірибелік мақсатта қолға алған бұл жобалары ойдағыдай жемісін берсе, суды аз қажет ететін егіс түрлеріне басымдық беруге деген талпынысы таудай.

Биыл егінді күтіп-баптауға қажетті минералдық тыңайтқыштың құны өткен жылдан 2,5-3 есеге қымбаттапты. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент «Каз-фосфат» ЖШС минералдық тыңайтқышты үлескер серіктестікке сатып, ол сауда үстемесіне 30 пайыз қосып сатқанын айтты. Күріш дақылын орналастыруға, күтіп-баптауға қажетті тұқым, минералдық тыңайтқыш, пестицид, сулардың құны қымбаттап, салдарынан өнімнің бағасында да өсім қалыптасты.

Егінді әртарапандыру мақсатында ауданда алғаш рет 73 гектар қант құмайы биыл бірінші рет егіліп отыр. Оның 47 гектары «Егінші» ЖШС-на тиесілі болса, 26 гектарды «Тайжан» шаруа қожалығы екен болатын. Ал «Үміт» шаруа қожалығы 39 гектар тәжірибелік мақсатта соя екті. Ерте көктемде «Сәйгүлік» шаруа қожалығы 5 гектар сулы сепсе, «Ер-Әлі» ШҚ 24 гектар, «Манак баба» ШҚ 4 гектар, «Көктем» ШҚ 5 гектар, «Сәдуақас» ӨК 2 гектар, «Ақниет» ШҚ 1 гектар картоп екті. Бұл дақылдардан жоғары өнім алынып, көлемі арттырылған жағдайда азық-түлік өнімдерінің бағасын

тұрақтандыруға септігі тиері анық. Биыл «Ер-Әлі» шаруа қожалығы ауданда алғаш рет тамшылатып суару әдісімен 24 гектар алқапқа картоп, 5 гектар сәбіз және 2,5 гектар қант қызылшасын тамшылатып суару әдісімен орналастырды. Шаруашылық төрағасы Әліби Бекжанов қажетті тыңайтқыштарды уақытылы беру арқылы 24 гектар картоптың 1 гектарынан 40-50 тонна өнім алуды жоспарлап отыр.

Аудан бойынша 500 гектар картоп, 1 100 гектар көкөніс, 1 200 гектар бақша дақылдары жоспарға сәйкес орналастырылыпты. Ал облыс әкімінің суармалы жерлерден картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыратын жер дайындау жұмыстарына сәйкес, қосымша 250 гектар жер дайындалып, картоп, көкөніс бақша дақылдары орналастырылып, күтімге алынған. Бұл жерлер Жалағаштағы 802 отбасыға үлестіріліпті. Картоп, көкөніс және басқа да бақша дақылдарының көлемін арттыру арқылы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік мол. Сондықтан бұл жобаны келер жылы да жалғастырып жөн.

Жергілікті шаруашылықтар енді бір аттаса, егінге орақ салады. Біз де бұған дейін аудандағы бірқатар шаруашылықтардың егіс алқабында болып, еңбек адамдарымен сұхбаттасқан болатынымыз. Алқаптағы өнімнің шығымы жаман емес, соған қарағанда аудан диқандары биыл да саланы оң нәтижемен қорытындылайтын секілді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сақтансаң, сақтайды

Жұқпалы індет қайта бас көтерді. Тұрғыны көп үлкен қалалардағы қоғамдық орындардың жұмысына шектеулер қойылды. Аса қауіп тудырып тұрмағанымен, барынша сақтанғанымыз абзал. Осы жұқпалы індет өршіген алғашқы жылдарында бейқам жүрген жандарды баудай түсіргенін естен шығаруға болмайды. Сол жантүршігерлік жағдай бүгін бізге сабақ болуы тиіс. Мәселен, 2020 жылдан бері еліміз бойынша 1 368 205 адам коронавирус инфекциясын жұқтырса, оның 1 063 121-і симптоммен, 300 584-і симптомсыз түрімен ауырыпты. Ал 1 327 732 науқас жұқпалы дерттен айығыпты.

2022 жылы аталған індетпен облыс бойынша 6 004 адам ауырған. Аймаққа келсе, ауданымызды айналып өтпейді. Жалағаш ауданы бойынша биыл жыл басынан бері 181 адам вирус жұқтырыпты. КВИ-мен есепке алынған науқастардың 28-і 14 жасқа дейінгі балалар. Айта кету керек, КВИ жұқтырғандар арасында 1 жасқа дейінгі сәби де бар. Бұл көңіл жұбатарлық көрсеткіш емес. Ендеше, әрбір адам өз денсаулығы үшін сақтық шараларын қатаң ұстануы керек.

Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасының бізге берген мәліметіне сүйенсек, жұқпалы дерт жұқтырған 181 науқастың 49-ы симптоммен, 132-і симптомсыз түрімен ауырған және 45 науқас ауруханадан ем алса, 132 науқас үй жағдайында оқшауланған. Алдын ала көрсетілген медициналық көмектің нәтижесінде қазіргі уақытта 178 науқас жазылған. Аудандық аурухананың КВИ бөлімшесінде және облыстық КВИ модульдік ауруханасында жатқан науқастар жоқ екен. Бұл енді көңіл көншітетін көрсеткіш. Алайда, еркінсуге әлі ерте. Осы жылдың басынан бастап тұрғындардан 3 185 ПТР тест алынып, оның 174-і «оң» мәнді анықталған.

Жыл басынан бері КОВИД-19 инфекциясын емдеу мақсатында аудандық ауруханада 40 төсек-орын ашылып, бүгінгі күнге дейін 36 адам ем қабылдапты. Дәрігерлердің айтуынша, ем алып шыққан адамдардың денсаулықтары қалыпты. Егер ауданда эпидемиологиялық ахуал күрделенген жағдайда қосымша 80 төсек-орын (аудандық ауруханадан – 50, жұқпалы аурулар бөлімшесінен – 30) ашылады деп жоспарланып отыр екен. Әрине, қамданған қапы қалмайды, қандай жағдайға да әзір болғанымыз жөн. Өйткені бұл дерт асқынып, өршіп кетсе бой бермейтініне көзіміз жетті.



Өкпені қорғаудың жолы – екпе алу

Кез-келген жұқпалы ауру салғырттықты көтермейді. Соның ішінде аталған індет өте қауіпті. Сондықтан тұрғындар мейлінше дәрігерлердің кеңесі мен ескертпелеріне құлақ түріп, уақытша бекітілген тәртіп, ережелерді қатаң сақтауы тиіс. Сонда ғана аурудың алдын алады. Бұл орайда аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасының басшысы Оразғали Аханов бізге аурудың алдын алу барысында ауданымызда атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде қысқаша мәлімет берді.

– Аты айтып тұрғандай бұл жұқпалы ауру. Ал жұқпалы індеттің өте тез таралатынын және аса қауіпті екенін халық жақсы біледі. Өйткені, қазірде тұрғындар КВИ жайында теледидардан немесе әлеуметтік желілерден, ғаламтордан жан-жақты ақпараттар мен толық мағлұмат алып отыр. Сөйте тұра сақтық шараларына мән бермейді. Ол дұрыс емес. Әр адамның өмірі де, денсаулығы да өзіне керек. Яғни адамдар ауырып дәрігердің көмегіне жүгінбес бұрын, алдымен өз денсаулығына аса жауапкершілікпен қарағаны абзал. Әрине, дерт жұқтырып, ауруханаға түскендерге дәрігерлер барынша жан-жақты көмек көрсетіп жатыр. Аудандық ауруханада коронавирус инфекциясын емдеуге қажетті арнайы медициналық құрал-жабдықтар жеткілікті. Атап айтсақ, 14 дана жасанды өкпені желдету аппараты, 2 дана рентген аппараты, 2 дана флюорограф аппараты, 44 дана оттегі концентраторы, 70 дана оттегі баллоны, 149 дана пульсоксиметр, 54 дана адам денесіне жанаспайтын


термометр, 78 106 дана медицина мамандарына арналған жеке қорғаныш құралдары, 2 195 дана бір реттік қорғаныш костюмдер және 120 дана көп реттік қорғаныш костюмдер, 63 468 дана бір реттік қолғаптар, 100 775 дана бір реттік маскалар, 635 литр сұйық және 265 800 таблетка дезинфекциялау заттары және дәрілік заттардың қоры мен антибиотик қоры жасақталған. Коронавирус инфекциясын жұқтырған және пневмониямен ауырған науқастарды үйде бақылауды ұйымдастыру бойынша бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету тарапынан жұмысшы 7 мобилді топ құрылған. Оның 4-уі кентте, 3-еуі елді мекендерде. Топтың құрамында 7 аймақтық жалпы тәжірибелі дәрігер, 7 аймақтық тәжірибелі мейіргер күнделікті бақылау жүргізіп, эпидемиологиялық ахуалды жіті қадағалап отыр. Жыл басынан бері 109 мобилді шақырту орындалған. Сонымен бірге үй жағдайындағы науқастармен ситуациялық орталық қызметкерлері күн сайын байланыс, олардың денсаулық жағдайларын бақылайды. Дәл қазіргі уақытта 2 ересек науқас үйінде оқшауланған. Дәрігерлердің бақылауында. Ал ауруханада тіркелген жағдай анықталған жоқ. Әйтсе де, бұл аурудың алдын алудың ең тиімді жолы – халықты жаппай вакцинациялау. Әрине мәжбүрлі түрде емес, ерікті түрде. Вакцинацияны аурудан қорғайтын қасиетін бұған дейін де жергілікті баспасөз беттеріне, әлеуметтік желілерге жарияладық және халық арасында жүріп медициналық тілмен де,

қарапайым халықтың тілімен де түсіндірме жұмыстарын жүргіздік. Аудан тұрғындарының көбі ерікті түрде екпе алды. Мүмкін, соның нәтижесі болар, биылғы төртінші толқын жүріп жатқанда әзірге ауданымызда КВИ-ге қатысты өлім-жітім тіркелген жоқ. Тіркелмей-ақ қойсын деп тілейміз. Мәселен, 2020 жылы осы диагнозбен 2 адам, 2021 жылы 10 адам көз жұмған болатын. Сондықтан аталған ауруға қарсы екпе алудың пайдасы көп, – дейді О.Аханов.

Расында, вакцинацияны аурудың алдын алуға, тіпті болдырмауға көп көмегі бар. Аудан бойынша 2021 жылдың 9-наурызынан бастап «Гам-КОВИД-Вак» коронавирусты инфекцияға қарсы вакцинациялау жұмыстары басталған. Біздің ауданымызда ұжымдық иммунитетті қалыптастыру мақсатында екпе егу 100 пайызға орындалған болатын. Атап айтсақ, 19 448 адам ерікті түрде екпе салғызды. 2021 жылдың 13-желтоқсанынан бастап КВИ-ға қарсы ревакцинациялау жүргізіліп келеді. Бүгінгі күнге дейін 13 266 адам қайта екпе алған. Қазірде аудан тұрғындарын көзекті егу кезеңі аудандық емхананың егу бөлмесінде, жылжымалы медициналық кешен мен орталық алаңда және барлық елді мекендерде жүргізіліп жатыр екен. Биылғы жылдың шілде айында қайта вакциналау мақсатында барлығы 1101 доза КАЗВАК вакцинасы келіп, 100 пайыз салынса, тамыз айында 1500 доза Синовак вакцинасы келіп, оның 178 дозасы егілген.

Қуат АХЕТОВ

Сенбілік



Тазалық өз аулаңнан басталсын

Өткен сенбіде аудан орталығында және ауданға қарасты кент, ауылдық округтерде жаппай санитарлық тазарту іс-шарасы өтті. Сенбілікке мекеме қызметкерлері мен аудан тұрғындары бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізді. Өңірдің өркендеуі, елді мекеннің мұнтаздай таза болуын ортақ абырой деп білетін аудандағы барлық мекеме ұжымы жол жиегіндегі арықтарды құл-қоқыстан арылтып, сенбілік жұмыстарының қарқын алуына өз үлестерін қосты.

Көктемде қарқын алған сенбілік жұмыстары шілінгір шілденің ыстығына байланысты бір ай толастаған болатын. Енді өткен сенбіден бастап ауданда тазалық айлығы басталды. Тазалыққа тастай талап керек екені айтпаса белгілі. Сондықтан бұл тұрғыдағы жұмыстарды кезек күттірмей істеу кенттегі әрбір тұрғынның міндеті деп есептейміз. Өйткені өңірдің өркендеуіне, мұнтаздай таза болуына атсалысу әрбірімізге азаматтық парыз. Кенттің көркейіп-көгәлдануы тек

қаражатқа келіп тірелмейтінін түсінуіміз керек. Яғни өңірдің әрбір құл-қоқысын тазарту екі қолдың көмегімен жасалатын іс.

Біле білсек, сол құл-қоқысты тастайтын өзіміз, әр ауланың айналасына тұрмыстық қалдықтарды жинап қоятын да өзіміз, қала берді адам аяғы басуға болмайтын кір суын да төге салатын сол тұрғындардың өздері. Адам баласы ақыл айтуға шебер ғой, бірақ сол өзгеге айтқанын өзі де істесе құба-құп. Алайда бұлай болмай

түр. Кешегі аудан әкімінің үндеуінде айтқан иесіз жайылған төрт-түліктің де иесі осы аудан тұрғындары екені белгілі. Сөйте тұра, талап қоямыз, орындайған істі көрмейміз, нәтижесін күтпейміз.

Халық тарапынан кентті абаттандыру жұмысы туралы сөз болғанда айтылатын бір ғана жауап ол – әрбір үй иесінің тазалықты өз ауласынан бастауы және кентті көркейту жұмыстары ауданның бюджетіне қарай жеке кезеңімен жүзеге асатыны. Иә,

бұл ретте біздің қарсы қол көтеруге уятымыз жібермейді, өйткені ауданымыздың қазынасы өзгелерге қарағанда мез емес екенін білеміз. Бірақ қол қусырып қарап отырмау керек, әрекет етуге тиіспіз.

Қазір аудандағы әрбір мекеме ұжымы тазалық маусымында табандылық танытып жатқанын көріп отырмыз. Енді әрбір сенбілікке жергілікті тұрғындар да өз үлестерін қосқаны абзал. Әрбір адам өзі тұратын үйдің ауласы мен көшелердің көркеюіне және тазалығына мән берсе, құл-қоқыстармен келетін түрлі инфекциялық аурудың болмасы да анық. Әсіресе кеше бойына қойылған қоқыс жәшігіне салынатын қалдықтардың тиісті жәшіктің ішіне салынуы, жәшік толған жағдайда жауапты мекеменің уақытында тазартып отыруы да үлкен септігін тигізеді.

Жеке тұрғынның мәнішіне қарасты аула өркез таза болса, сенбілік жұмыстарына білек сыбана кіріскен мекеме қызметкерлерінің де жұмысы жеңілдер еді. Олар да әр сенбі сайын сенбілікке шығып, демалысын өзгеге тиесілі ауланы тазалаумен өткізгеннің орнына өз ауласын тазалауға уақыты болар еді. Үйден шыққан қалдық, кір, көріз сулары көше бойында орналасқан ағаштардың түбіне төгіле берсе, жайқалған ағаштан таза оттегі емес, лас ауа бөлінуі мүмкін. Тіпті қанша жылдардан бері келе жатқан жасыл желек еңсесін тіктеудің орнына, құрауы ғажап емес.

Ойлап қарасақ, өкім бір өңірді басқарып отыр, сондықтан, сол елдің қауіпсіздігіне, әлеуметтік жағдайына жауапты дегенмен, тұрғындар да осы жауаптылықтан жалтармау қажет қой. Тазалық айлығында кентті тазаласақ, кім үшін? Халық үшін емес пе? Ендеше жұрт үшін көтерілген бастамаларды жүзеге асыруда жалағаштықтарға жұмыла іс қылатын уақыт жетті. Біздікі көзі қарақты оқырманға ой салу.

Н.АЛМАС

Сессия

Бюджет аудан дамуына бағытталады

Аптаның дүйсенбісінде аудандық мәслихаттың кезектен тыс 23 сессиясы өтті. Оған аудан әкімі, аудан әкімінің орынбасарлары, мәслихат депутаттары мен мекеме, бөлім басшылары қатысты. Сессияны аудандық мәслихаттың хатшысы Г.Құрманбаева жүргізіп отырды.



Сессияның күн тәртібіне «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №12-1 шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі қаралды. Бұл туралы баяндаған аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Ж.Баймаханова бюджет аудан дамуына бағытталатынын атап өтті.

– Өздеріңізге белгілі, «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №12-1 шешіміне өзгерістер енгізу үшін осы жылдың есепті мерзімінде аудан бюджетінен қаржыландырылатын және дербес бюджеттің қаржыландыру жоспарларына қайта есептеу жүргізілді. Қайта есептеудің нәтижесінде бюджеттік бағдарлама өкімшілерінен қысқартатын және үнемделген қаражат анықталды. Бұл анықталған қаржының барлығы сәйкесінше бюджеттік бағдарламаға қайта бағытталуы жобаланды. Аудан әкімі аппараты бойынша он екі миллионнан астам қаржы еңбекақы төлеуге және жылу жүйесіне бағытталады.

Ал құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің шығындарына төрт миллионнан аса қаржы қаралса, бұл жобалардың жер рәсімін құжаттандыруға жіберілмек. Аталған бөлімнің коммуналдық, шаруашылығын дамыту бюджеттік бағдарламасына он бір миллионнан астам қаржы қаралса, орталық стадионды қайта жабдықтау жұмыстарына жобасметалық құжатты мемлекеттік сараптамадан өткізуге де қосымша қаржы бөліну жобаланған.

Сонымен қатар аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жылу маусымына электр қуатының шығындарына, көлік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасына, яғни жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысына, газ тасымалдау жүйесін дамыту бағдарламасына, яғни М.Шәменов елді мекеніне газ құбырын жеткізуге жобасметалық құжатты әзірленген. Енді осы жобаларды мемлекеттік сараптамадан өткізуге қаржы бағытталатын болады.

Будан бөлек жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің, ішкі саясат бөлімінің, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің, Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің, мемлекеттік сатып алу бөлімінің және тағы басқа да бөлімдердің шығындарына тиісті қаражат есептеліп, бағытталатын болады, – деді аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Хамитқызы.

Сессия отырысында қаралған мәселе төлігерінде депутаттар арасында ешқандай қарсылық айтылған жоқ, жан-жақты талқыланып, депутаттардың қолдауымен бекітілді.

Нұр НАУАН

Білгенге маржан

Қалай ерте тұруға болады?

Таңертең жастықтан басты көтеру қандай қиын екенін елестетесіз. Бірақ бұл жағдай тек ұйқы бұзылған кезде болады. Ерте тұру – аз ұйықтау емес. Мысалы сағат 7-де тұруды көздесеңіз, 22:00-ден қалмай ұйықтауыңыз керек. Не үшін ерте тұрғыңыз келеді? Өз мотивацияңызды табыңыз. Салмақ тастағыңыз, не денсаулығыңызды қалпына келтіргізіңіз келе ме? Таңда жүргіріңіз не таңертеңгілік уақытқа бассейнге жазылыңыз. Күн режимін дұрыс құрыңыз.



1-минут: көзіңізді ашқанда жақын жандарыңызды ойлап, күлімсіреңіз. 2-минут: бірнеше рет терең дем алып, ағзаны оттегімен толтырыңыз, содан соң ақырын көріліңіз. 3-минут: желкеге, самайға, қас пен құлақ ұшына массаж жасап, алақаңыңызды бір-біріне үйкелеңіз, бұл қан айналымын жақсартады. 4-минут: баяу отырып, бір стақан су ішіңіз. Бұл ағзадағы су тепе-теңдігін қалыпқа келтіріп, зат алмасуды жылдамдатады. 5-минут: төсектен тұрып, пердені ашып, белмені жарыққа толтырыңыз да, өзіңізге «Қайырлы таң» тілеңіз.

Одан кейін душ қабылдап, жаттығу, медитация жасап, таңғы ас ішіңіз. Физикалық белсенділік пен контрасты душ адреналинді көбейтеді. Тойымды таңғы ас метаболизмді оятады. Медитация жаңа күнге жақсылықпен бейімделуге көмектеседі. Мысалы ботқаны қызғылт-сары түсті төрелкеде жегуге болады. Үйге цитрусидің шашып қойыңыз. Барлығын кешке дайындап алыңыз. Киім үтіктеу, жұмысқа алып кететін тамақты ыдысқа салып дайындау секілді істерді таңертеңге қалдырмай, жоспар да құрып үлгеріңіз. Таңертең тұрғыңыз келмеуге бір себеп болатын осы – атқарар істің көптігі. Радио, теледидарды қоспаңыз. Жаңалық пен жарнама көңіл-күйді түсіреді. Сүйікті өңдеріңізді қосып, қуаттаныңыз. Таңға дұрыс дәстүр қалыптастыру арқылы оянғаннан жаңа күнге күліп қарайсыз. Сонда сізге ешқандай оятықтың да қажеті болмайды.

Интернет материалдары негізінде дайындалды



Өткенді білмеген елдің болашағы бұлыңғыр. Тарихын ұмытқан ұлт жойылады. Оны ғасырдан ғасыр озған сайын өзгерген қоғам дәлелдеп келе жатыр. Халыққа қызмет қылатын әрбір адам алдымен өз өлкесінің, туған жерінің, елінің тарихын танып, санасына сіңіруі тиіс. Сонда ғана кеудесінен ұлттық рух оянып, елге еткен қызметінің сапасы артады. Ұлтыңның тарихын тану – туған жеріңнің тау-тасын, өзен-көлін танудан және оларды аялаудан, сол жердегі тарихи маңызы бар ескерткіштерге тағзым етуден бастау алады.

Туған жері – тұғыры

Жалағаш кентінде тұратын жеке кәсіпкер Залман Мәжиеваны жас кезінен жақсы білемін. Өйткені екеуіміз Мәдениет ауылының киелі топырағында дүниеге келген төл перзентіміз. Оның жасы менен біраз кіші болатын, ауыл орталығындағы мектеп-интернатта оқыдық. Ұлты шешен болғанымен қазақ мектебінде оқып, халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеп, қасиеттерін бойына сіңіріп есті. Ата-анасы көп жыл Мырзабай ахун мешіті жанында қоныстанып, мал бағып, егін егіп, еңбек етті. Сол жылдары менің әкем де колхоздың малын бағып, біраз жыл көрші болдық. Сондықтан ата-анасың, бауырларың да жақсы танымын.

Сексенінші жылдардың соңында туған-туыстарының шақыруымен қоныс аударуға көштің басын Шешенстанға бұрады. Қазақ халқының қарапайым қонақжайлылығын көріп құда-жекжат болып, бауыр басып қалған олар, ауылдастарымен әрең қоштасады. Кавказ жеріне барып туыстарымен қауышқан Мәжиевтер әулеті Қазақстандағы достарымен хат жазып, хабарласып тұрады. Қайда жүрсен де кіндік қаның тамған туған жердің топырағы ыстық қой. Кавказда жүріп туысқандарымен қауышып, қуанса да Залман жат жердің тіршілігіне көңілге қоймайды. Бірге өскен достарын ойлап, туған жерге аңсары ауа берген. Ақыры 1986 жылы туған еліне Қазақстанға қайтып оралады. Достарымен кездесіп, арқа-жарқа әңгімелеседі. Қолынан іс келеді. Аудан орталығындағы «Талапкерлер» біраз жыл тігінші болып қызмет жасайды. Еліміз өгемәнді алғаннан кейін еркіндік беріліп, кәсіпке бет бұрады. «Нан жемек болсаң, отын тасудан ерінбе» демекші, алғашқы кездері оқушыларға керекті оқу құралдарын әкеліп сатты. Сұраныс көбейді. Содан кейін қызмет аясын кеңейтіп, бұрынғы өмбебап дүкені жанындағы екі ғимаратты сатып алып дүкен ашты. Бұл дүкендерде құрылыс материалдары, оқу құралдары, ыдыс-аяқтар, теледидар, жиһаздар деісін бе, жалпы киім-кешектерден басқа тұрмысқа қажетті заттардың бәрі бар. Қалаға шапқылап шаршамай іздегенің осы жерден табылады. Шүкір, халықтың сұранысын орындап қалтқысыз қызмет етіп келеді. Қазір не көп, кәсіпкер көп. Кәсіпкер Залман Мәжиева жайлы ерекше айтып жұмысның өзіндік себебі бар. Біріншіден, ол екеуіміз бір ауылда туып-өскен жерлеспіз. Сол себептен аға-қарындастай сыйласып, амандық-саулық сұрасып, күнделікті өмірде араласып тұрамыз. Екіншіден, осы Залман 1830-1916 жылдары өмір сүрген көріпкел әулие Мырзабай ахунды өз кезімен көрген жан. Әрине, пендеміз жой, осыдан жүз жыл бұрын өмірден өтіп кеткен ахунды көріп, тілдесіпті дегенге көпшілік сенбеуі де мүмкін. Шынымен де адам баласының болашағын болжап, тағдыр-тауқыметін тап басып айту қиын. Ол тек бір Алла Тағалаға аян. Адам баласы өмір сүрген қоғамда ой түбіне жете алмайтын тылсым дүниенің таңғажайыбына тап келетін кездері де болады. Бәрімізде пендеміз, бір ғаламат құдірет күштің бар екеніне сенсек те көзбен көрмеген соң, естіген әңгімелерге сенер-

сенбесімізді білмей дүдәмал күйде болаты-нымыз рас. Сол сияқты Залман қарындасымың Мырзабай ахунды тірі кейпінде көргенін естігенде шынымен де ойланып қалдым.

– Серік аға, ахунды көргенімді кез келген кісіге айта бермеймін. Сіз бір игілікті істі қолға алып, Мырзабай ахун жайлы деректер жинап жүр екенсіз. Енді Сізге елден естігенімді емес, өз көзіммен көргенімді айтайың – деп Залман әңгімесін бастады.

– Әлі есімде, 1995 жылы Шешенстанға ата-анамның қасына қайта көшіп бардым. Ұй шаруасына араласып, ата-анамға көмектесемін. Туған-туыстарым да осы жакта, күнделікті хабарласып, араласып тұрамыз. Сол жылы күз айының қоңырқай күндерінің бірі болатын. Мен сатыға шығып, үйдің сыртын әктеп жатқаным. Анам да жанымда қырбепден өз шаруасымен айналысып жүр. Бір қарасам аулаңың қақпасы ашылып жұпыны киінген диуана бейнесіндегі бір кісі кіріп келеді екен, жүзі таныс секілді көрінді. – Анашым, ана кісіге қараңызшы, – дедім дауыстап. Анам да орнынан тұрып, жалт қарады. Сол кездері үй аралап жүретін қайыршы-тәжіктер көп болатын, солардың бірін шығар деген ой келді маған. Көкеніс, бақша өккен жерімізді айналып көрген ол жаныма келді. Мен де сол кезде: – Ата, мынаны алыңыз, – деп жүз рубл ұсындым. Сонда әлгі кісі: – Қызым, мен қайыршы емеспін, бірақ шын ниетпен берген садақаны алайын. Саған айтарым, бұл жакта да жағдайың жақсы екен. Бірақ сен Қазақстанға қайтуың керек. Ырзық-несібен сол жакта күтіп тұр, – деді де қақпаға қарай беттеді. Туған елге не үшін келуім керек деген сауалды қойғым келіп дереу артынан жүгіріп шықтым. Бірақ ол кісі есәтте кезден қарай болды. Кіммен сөйлесің, жүз рублді кімге бердің? Аталап қақпаға қарай жүргіңіз ғой. Сен есіңнен ауышайын дедің бе, – деп анам сұрақтың астына алып жатыр. Мен көргенімді, бейтаныс кісіге 100 рубл бергенімді айттым. Бір таң қалғаным қасымда тұрған анам әлгі кісіні көрмепті. Анам болса айтқаныма сенер –сенбесін білмей аң-таң болып тұрды да үйге кіріп кетті. Мен түс көргендей орындам отырып ойланып қалдым. Өзгелерге көрінбейтін әул жұмбақ кісі кім болды екен? Сәлден кейін білдім, дәл осы кісіні бірнеше рет түсімде көрген екенімін ғой. Сонда барып бетпердесі таныс кісі Мырзабай ахун екеніне көзім жетті. Сол сәтте

бала кезімдегі бір оқиға есіме түсті.

Мәдениет ауылында дүниеге келген мен ол кезде 5 жаста болатынымын. Бәрі есімде, бір күні ауылдан шығып адасып кеттім. Қай бағытқа бара жатқанымды өзім де білмеймін. Әйтеуір бір құдірет күш алға сүйреп жүре беріппін. Әй-теуір бір мешітке келіп сонда түнеп шыққанымды білемін. Әкемнің айтуынша, азаннан кешке дейін мені бүкіл ауыл болып іздейді. Бірақ айнала қалың жыңғыл шеңгел болған соң таба алмайды. Әкем Таша екінші күні атына мініп тағы да іздеп шығады. Каналдарды жағалап біраз жерді сүзгенімен нәтиже болмайды. Кешкі іңірге дейін іздеп баладан түңілген әкесі атының басын ауылға қарай бұрады. Көнет, сол ауылдан 4-5 шақырым жерде орналасқан Мырзабай ахунның ескі мешіті жатқан темір есіктің ашылып, қайтадан тарс етіп жабылғанда болады. Алғашқыда мән беріп көңіл белмеген екен. Сол дауыл қайта қайталананды. Сосын аң-таң болып мешітке қарай жақындап келеді. Міне, қызық осы кезде айналасы нұ тоғай айдаладағы мешіттен мән шығыппын. Бейне бір оң қолымнан біреу қолтықтап келе жатқан секілді дейді әкем. Бірақ мен ол кісіні көрдім. Мешітке қанша уақыт жатқанымды білмеймін. Бір кезде ақ киімді сәлделі үлкен кісі жаныма келіп: – Қызым, тұра ғой, үйіңе қайт, –деп қолымнан жетектеп әкеліп әкеме табыс етті де өзі ғайып болды. Бірақ әкеме ол кісі көрінбепті. Міне мен де сол көрінген кісі құдірет иесі әруақты Мырзабай ахун екенін өсейіп ер жеткен соң барып білдім, – деген Залман сәл-пәл ойланып отырып, әңгімесін одан әрі жалғады. Сонымен 1995 жылы ата-анаммен ақылдасып, рұқсатын алып, туған жерім Жалағашқа келіп, кәсібімді қайта жалғастырдым. Мырзабай мешітіне барып мал шалып, құран оқып қайттым. Содан кейін күнделікті күйбен тіршілікпен жүріп бірнеше жыл мешітке бара алмай қалдым. Бір күні түс көрдім, түсімде бір ақала, бір қарала екі жылан бір-бірімен жалғасып шұбатылып мейн айналып өтті де жоқ болып кетті. Сол түсті тағы да көрдім. Бірақ қанша сұсты болғанмен әлгі жыландардан қорыққан емеспін. Содан қай күні екені есімде жоқ, бір күн іздеп келді.

– Залман деген сіз бе?

– Иә, менімін.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

– Мырзабай мешітіне көптен бері бармапсыз. Сізді атандыз іздеп жатыр ғой.

Өткен аптаның соңында Жалағаш аудандық Қоғамдық Кеңесінің мүшелері өлкеміздегі киелі өңірлерді араладық. Атап айтсақ, Қорқыт Ата мемориалдық кешеніне және Марал ишан кесенесіне бардық. Алдымен қырға қарай созылған қара жолдың бойындағы Марал ишан бабаның басына ат басын бұрып, біршама аялдадық. Арқада дүниеге келіп, Сыр бойында өмір сүрген Марал бабамыздың бойындағы көріпкелдік қасиеті иісі қазаққа мәлім. Дін жолында жүріп, айналасына Исламның шаралап шуағын шашқан Марал ишанның ақтық демі Арқада түгесіліпті. Өзінің өлер алдындағы аманатымен сондағы ел-жұрты ақ бұраға денесін артып жібергенде, жануар араға алты күн салып, Жосалыдағы Тарғыл тауының етегіне шөгіпті деседі. Әулиенің мәңгілік мекеніне айналған сол қасиетті топыраққа табанымыз тигенде ерекше күй көшіп, өзімізге беймәлім әсерге бөленді. Жұпар аңқыған жусанды даланың ауасы да, аурасы да бөлек. Бізді шырақшы жігіт – Бекболат жылы қарсы алды. Марал бабаның басында төрендігі 9 метр құдық бар екен. Шырақшының айтуынша құдықтың төрендігі әу баста 17 метр болған деседі. Шегенделмеген соң көйін жан-жағы құлаған. Бірақ, көзі көмілмеген. Суы мөлдір әрі тұщы. Шөліміз қанғанша ішіт және қасиетті жерден шығып жатқан тұмандан ырым етіп жанымызда жүрген бос ыдыстарға құйып

та алдық. Шырақшы ағамыздың айтуынша, құдықтың суының дәмі тіршіліктің төрт мезгілінде де өзгермейді екен және адамның ішкі құрылысының ауруларына шипасы бар көрінеді. Олан әрі шырақшы бізді үлкен қорымның ортасындағы бабаның кесенесіне алып барды. Әуелі әулиенің әруағына құран бағыштап, зиярат еттік. Содан соң 18-19 ғасырларда өмір сүрген Марал ишан Құрманұлы жайында және баласы Қалқай ишан туралы көптеген деректерге қанықтық. Қазақтың соңғы ханы Кеңесарының туған нағашысы Марал ишан тек дін қайраткері ғана емес, Ресейдің жерді, елді отарлауына қарсы шыққан күрескер болғанын тарихтан білеміз. Кесене басында үш Жүзге пір болған Марал бабамыздың көріпкелдік қасиеті жайында аңызға бергісіз сан алуан әңгімелер айтылды. Шырақшының айтуынша, Жам тауындағы Жалаңаяқ әулиеден білім алған қасиетті Марал бабаның нұры өзінің мәңгілік мекеніне айналған сол маңға әлі түсіп тұрады екен. Оны бабаның басының жмі тәу етіп келушілер де растап отыр.

Сәскеге таяу сапарымыз одан әрі жалғасты. Бүкіл түркі жұртына ортақ тарихи тұлға – Қорқыт бабамыздың басына барғанда төбемізге тоқымдай ғана бүлт үйіріліп, жаңбыр сікiredі. Оны Алланың нұры деп қабыл алдық. Өйткені, қасиетті мекендерге, киелі өңірлерге жасаған

сапарларда адамның ішкі ниеті де оң болуы тиіс қой. Қорқыт мемориалдық кешені қырдың басында орналасқан соң, айналадан салқын самал аңқылдап соғып тұрды. Күре жолдың бойында жатқан Қорқыт бабаның басына зиярат етіп келушілер легі көп. Бәрінің де түпкі мақсаты бір – тарихты тану, киелі жерге табаны тигенде Алладан жақсы тілек тілеу. Біздің де ең басты тілегіміз: еліміздің амандығы, жеріміздің бүтіндігі, тұтастығымыздың сөгілмеуі, ішкі ынтымағымыздың ыдырамауы болды.

Қорқыт жайлы аңыз көп. Желмаяға мініп, қобызын сарнатқан аңыз адамның қырық жыл ажалдан қашқан әрекетінен біз шарасыздықтан өлімді қарсы алуды емес, керісінше, өмірді сүюді, уақытты бағалауды үйренуіміз керек шығар, мүмкін. Біз кешеннен шыға бере Қорқыттың тас ескерткішке айналған алып қобызының үні үдей түсті. Төбе-құйқанды шымырлатып, тұла-бойыңнан тылсым ағын жүргізетін сиқырлы сарын көне күндердің бізге беймәлім сырларын бүгінге жеткізіп тұрғандай болды. Тарихи орындардан ғажап әсермен оралды. Тегінде адам баласының, әрбір ұлттың өз болмысына тән қасиеті – тарихын тануымен, өткенін құрметтеуімен бағаланатын болса керек деген ой түйдік бұл сапардан.

Қуат АДИС



Жөн сұрастық. Әлгі қыз Семей облысынан екен, өзі де тегін емес тәуіп көрінеді. Содан кейін ықыласым ауып көп ұзамай сіңлім Сәлиманы жаныма алып Мырзабай мешітіне бардым. Ол кезде мешітке жөндеу жұмысы жүрмеген кез. Мешіттің кезінде сүт зауыты, кейін дүкен болғанын бала кезімізде көрдік. Мал бағып отырған әкем Ташаның мешіттің жанындағы шеген құдықты жөндеп пайдаланғанымызды да білетінмін. Сол жылы ахунның шебересі Ораз мешітке шырақшы болып келіп жатыр екен. Ораз, Сәлима мен үшеуіміз сол құдықтың басына бардық. Біраз жыл қарасуыс қалғаннан құдықтың беті жабулы екен. Ашып қарасақ тұнып тұрған су көрінеді. Әруақ жатқан жерді кезінде көптеген жандар пайдаланып игілігін көрген құдықтың суын ішікп келді кетті. Сол жерде тұрып Ораз, Сәлима және мен үшеуіміз қасиетті құдықтың суын бірге ішіп, туған бауырдай сыйласуға сөз бердік. Құдықтан батырып тартып алынған жарты шелек суды мен бастап іштім. Мөп-мөлдір, мұздай екен. Менен кейін Ораз бен Сәлима ішті. Содан кейін мешітке беттедік. – Мешітке кіргенде көздеріңе екі жылан көрінуі мүмкін, қорқып жүрмеңдер, – деді Ораз. Сіңілім Сәлима қалғаннан қатты қорқатын еді, мен кірмеймін деп бөзек қақты. Ораз екеуіміз оны мешітке кіруге өрең көндірдік. Мешітке кіріп келгенімізде бірі есіктің ішкі босағасында, екіншісі төрде ирелеңдеп жатқан екі жыланды көріп таңырқап қалдым. Таңырқаған себебім, түсімде көріп жүрген ақала, қарала екі жылан осы жерде жатыр. Біз ішке енгенде екі жыланда төрге дейін ирелеңдеп барып жоқ болып кетті. Сол кезде сәл кідіріп қалған Сәлима да ішке кірген еді. Ол қарала жыланның құйрығын ғана көріп қалыпты. Жататын ұясы бар шығар деген оймен жыландардың кіріп кеткен жерін қарадық. Ол жерде тесік те, саңылау да жоқ. Сол жерде әруаққа құран оқып шықтық. Сонда білдім, әруақтың ата түсіміне өніп менен құран дәмәтіп жүреді екен ғой. Содан кейін жылына екі-үш рет мешітке барып, құран бағыштап қайтамын. Имамдылық үйін жөндеуге ақ, сыр беріп көмегімді көрсетіп тұрамын. Бірақ мен біреуге бергенімді, жасаған жақсылықтарымызды ешкімге айтпаймын. Өйткені, мешітке көмек беру – үлкен сауап. Ал шариғатта сауапты іс насихаттауға жатпайды.

Менің Мырзабай ахунды көріп тілдескенімді айтсам, екінің бірі сене бермейді. Әрине оларды

да түсінемін, сенсе де, сенбесе де өздерінің өркі ғой. Көз келген әруақ түсіңе еніп, әртүрлі бейне көрсетіп көрінуі мүмкін. Қалай болғанда да Алла тағаланың құдіретіне ешкім шек келтіре алмайды. Мен кезіммен көргенімді айтамын. Қазақстан көлемінде жүрсем де, шет елге жол сапарға шықсам да жанымда бір көбелек ұшып жүреді. Оны көргендер қанша рет үркітіп құмақ болса да қайтып келе береді. Сол әруақ бірде көбелек, бірде шегіртке болып мінген көліктеріме жармасып жанымнан қалмайды. Оны өзім көріп ішімнен сезіп отырамын. Өйткені қайда жүрсемде Мырзабай атамның әруағы жолымды ашып, желеп-жебеп отырады. Шүкір, әруақ қолдаған соң жұмысым алға басып, кәсібімді жүргізіп келемін. Алланың алдында да, адамның алдында да арым таза. Әлімізде өтірік айтып, біреуді алдап, ақысын жеген жан емеспін. Адал қызмет етіп, халқымын алғысын алып келемін, – деп Залман әңгімесін аяқтады.

– Мырзабай ахунның түр-түсін көре алдың ба? – деп сұрадым. – Иә, көрдім, бірақ бетіме тура қарамады. Қалың қара қасы бар, орта бойлы ақсақалды кісі. Бет өлпеті аппақ та емес, қара да емес, еуропалықтарға ұқсайды. Басындағы сәлдегі мен қоңыр түсті шапаның анық көрдім, – деді Залман.

Мен бір сәт ойланып қалдым. Әңгіменің әсер еткені соншалық, өзімді басқа бір әлемде жүргендей сезініп, Алланың өлшісмен тілдескендей болдым. Он сегіз мың ғаламды жаратқан құдіреттің құпиясын ешбір жұмыр басты жан иесі аша алмайтыны белгілі. Ұлы Абай айтқандай: «Алла тағала ол өлшеусіз, біздің санамыз өлшеулі. Өлшеусізбен өлшеуліні білуге бола ма? Адам баласының маңдайына жаратушымыз міндеттерін орындап, ақ жолынан ауытқылмай жүру ғана жазылуы екен. Бірақ Алла тағала ерекше ықыласы түскен сүйген құлдарына жаратылыстың құпияларының кейбір сырынан хабардар ететін сияқты. Мен білетін Залман қарындасым ешкімнің ала жібен аттамай, Алланың ақ жолымен келе жатқан жүрегіңде иманы бар әділ жандардың бірі. Мен оның әңгімесімен әрбір сөзін ынта ықыласпен тындап отырып, шүбәсіз сендім.

Серік БЕРТАЕВ, адардур журналист

Әлеуметтің әлеуеті артпай, дамуға бет түзей алмаймыз

Елдегі жұмыссыздық мәселесін шешу, жұмыссыздар санын азайту және шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту күн тәртібінен түспейтін мәселе. Өйткені әрікетке қадам басу үшін де, алпауыт елдермен иық тіресу үшін де, кемел келешекке қол жеткізу үшін де халықтың тұрмыс сапасын арттыру маңызды шаруа. Себебі әлеуметтің әлеуеті артпай, дамуға бет алдық деу қателік. Мемлекеттік саясатты жүргізіп отырғандар осыны жақсы түсінеді. Саясаттың, мемлекеттік бағдарламалардың барлығы да осы әлеуметтік салаға бағытталуының себебі осында.

Жалпы жұмыссыздық кедейшілік деңгейін арттырып қана қоймай, жоқшылықтан ти-тықтаған көз келген адамға психологиялық соққы әкелуі де мүмкін. Мұндай жағдайда бір азамат қана емес, бүкіл отбасы мүшелерінің өмірге деген көзқарасы өзгеріп, тіпті кей жас-тар жұмыссыздық, бос уақыты көптіктен, кей-де жоқшылықтан өз-өздерін ақылға жеңдіре алмай қиындыққа тап болып жатады. Ал кей отбасында дәл осы мәселе шешілместей көрініп, шаңырақ шайқалатын да кездер кез-деседі. Неге барлығы жұмыссыздыққа келіп тірелетініне жауап іздеудің де қажеті жоқ. Өйткені қазір нарықтық заман, қымбатшылық заман.

Бұрынғыдай қазақылыққа салынып, тіпті жақыныңа да өлсін-өлсін қол жая алмайсың. Адамның бәрі нантапап тіріліктің соңында азаны-кеш жүргендіктен біреудің-біреуге қарайласуға көп ретте мүмкіндігі де бола бермейді. Не де болса екі қолға бір күрек табу керек, отбасын асырау керек. Бұл тұрғыда біздің қоғам қатігез деңгейіміз.

Тек халықта сауаттылық болса, мемлекеттік бағдарламалар арқылы алға мақсат қойып, өз ісін бастауына мүмкіндік бар. Әдепкіде демеп жіберетін бұл бағдарламалардың тиімді тұсы көп түсінгенге. Жалағаш халқының бұл тұр-ғыда айы оңынан туып тұр деуге болады. Мұны жыл сайын өз мақсатына қадам басып, ойындағы арманын шындыққа айналдырған, кәсібін қолға алғандар қатары артқанынан байқаймыз. Бастысы ниет болса болғаны. Тыыннан тыын құрап, шағыннан басталған кәсіптің көкжиегін кеңейтуге де болады.

Ауданда, әсіресе «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында осы уақытқа дейін біршама жұба қайтарымыз грантпен қаржыландырылды. Әлеуметтің әлеуетін көтеруді көздеген бағдарлама осы-лайша жұмыссыз жандардың өз ісін бастауына үлкен көмек беруде.

Жалпы ауданда халық саны отыз бес мың-нан аса адамды құраса, оның ішінде эконо-миканың белсенді халық саны он бес мыңға

жуық, ал жұмыссыздар сегіз жүзге жуықтайды. Жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құраса, жастар арасындағы жұмыссыздық 4,5 пайызды құрап отыр. Биыл ауданда 2 420 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның ішінде тұрақтысы – 1342, уақытшасы – 1078. 6 айда 1383 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 637-сі тұрақты болса, 746-сы маусымдық жұмыс екен. Қазірдің өзінде жоспар 54,1 пайызда орындалып отыр. Биыл аудан бойынша мемлекеттік атаулы көмекке 118 млн теңге қаржы қаралып, 6 айда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 291 отбасына көрсетіліп, оларға 54,7 млн теңге үлестірілді.

Ауданда отбасының цифрлық картасына енген 857 отбасына толық зерттеу жүргізіліп, мемлекеттік атаулы көмек алушы отбасы саны 13-ке азайған. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобаның орын-далуына келсек, 22 шілдеге дейін 1 530 адам халықты жұмыспен қамту орталығына хабарласы

Тіл үшін күрес – ең ұлы күрес

Қалааралық бағыттағы автобустардың бірінде табан астынан тіл мәселесі қызу талқыға түсті. Оған себеп: билет кесіп тұрған кондуктор қыздың орысша сөйлеуі болды. Өрімдей жап-жас қазақ қызы баратын мекен-жайын нақтылап алмақ ниетпен жөн сұраған жас жігітке орысша жауап берді. Ал ол жігіт кондуктордан мемлекеттік тілде жауап беруін сұрады. Тіпті талап ететінін айтты. Ана тіліне бүйрегі бұрған ініме ішім жылып қалды. Алайда, патриот жігіттің сөзіне қитығып, қырсығып қалған әлгі қыз оған қазақ тілінде қызмет көрсетуден бас тартатынын кесіп айтты. Үлкен кісілер, тіпті автобустағы жолаушылардың дерлік бәрі кондуктор қызға наразылық білдірді.

Алайда, ол қос құлағын құлаққаппен тас қылып бітеп алып, ішкі ашуы бойын кернеп орнына жайғасты. Құдай біледі, тыңдап отырған әні де қазақ тілінде емес. Егде кісілер ана тілін құрметтемейтін, үлкенді сыйламайтын қазақ қызының ұлттық намыстан жүрдайлығын сынға алып ашулы кейіпте сөйлеп жатты, бірақ, оны қыз тыңдаған жоқ. Келесі аялдамаға дейін мелшіліп отырды да қойды. Содан кейінгі әңгіме өз тілін мәнсіңбейтін кондуктор емес, қазақ тілінің қазіргі мүшкіл хәліне ұласып кетті. Ду-ду аздап басылған соң алдыңғы орындықта манадан бері үндемей отырған егделеу кісі бір қырындап артына бұрылып алып, байыппен сөз бастады.

– Ол балаға неге рәнжисіңдер?! Шындығына келсек, оның қазақша білмеуіне немесе біліп тұрса да өз тілін құрметтемеуіне, мақтан тұтпауына осы жерде отырған барлығымыз да кінәліміз. Осы Қызылорданың басқа өңірге қарағанда қазағы басым. Бірақ көбі орысша сөйлейді. Қалада туып, қаланың тәрбиесін көрген мынадай жастарды айтпағанда, тіпті кейде өзім қатарлы ақсақалдыққа бет түзеген ер адамдар мен әйелдердің бір-бірімен орыс тілінде шүлдірлесіп тұрғанын көріп, қатты қынжыламын. Қазір кез келген қоғамдық

ортада да, әлеуметтік желіде де осы тіл мәселесі көп талқыланып жүр ғой. Ара-тұра ұлтжанды азаматтардың аузымен үлкен мінберлерден де тіліміздің аянышты халі айтылып қалады. Иә, ана тіліміз үшін шыр-пыр болып жүрген аяулы азаматтар көп. Кейбірі тіпті мына қызымыз секілді мемлекеттік тілде қызмет көрсетпеген қаракөздерімізбен қызылкөңірдек болып айтысып, ұрысып, тіпті жаға жыртасып жатады. Ондай бейнежазбалардың талайы әлеуметтік желіні шарлап жүр. Бірақ содан не өзгерді? Тіліміздің жағдайы түзеліп кетті ме? Тым болмаса қоғамдық орындарда, әлеуметтік нысандарда халыққа мемлекеттік тілде қызмет етпеген, аяулы ана тілін мәнсіңбейтін, білмейтін, үйренгісі келмейтін өзге ұлттар емес, өзіміздің қаракөздерге заң жүзінде қандай шара қолданып жатыр? Ешқандай шара қолданбайды. Өйткені, ащы да болса айтайын, біз тілімізден безген ұятымыздан азған халық болдық. Кешегі бабаларымыз қанын төгіп қорғаған жердің де қасиетін білмейміз, сол бабаларымыз «анамыздың тілі» деп ардақтаған тілдің де қасиетін білмейміз. Кейбіреулер өз тілін білмейтіндерді «мәңгірт» деп атап жүр ғой қазір, ол бергі жағы. Өз тілін білмейтін




адам – нағыз бейшаралық қамытын киіп, қор болған адам. Тіпті мен оларды «азғын» деп атаймын. Ауыр сөз әрине, бірақ ауыр да болса, соларға лайық сөз. Мына балама разы болып отырмын. Дұрыс, ана тілінің хақын сұрау керек. Талап ету керек. Қоғам болып солай жасау керек. Мүмкін сонда бір күндері тіліміздің күні де туар. Үмітсіз тек – шайтан ғана. Мен осы уақытқа дейін орыс тілді мәңгірт қазақтармен соғысып келе жатқан адамның бірімін. Бірақ содан ештеңе өзгерте алмадым. Себебі жоғарғы биліктің өзі орыс тілінде сөйлейді, орысша ойлайды. Жоғарыдан талап етілмейді. Демек, мен босқа төрлеп жүр екенмін. Қазір ана тіліміз үшін ешкіммен сөзге келмеймін. Дауласып отыратын денсаулығым да жоқ. Бірақ мен тіл үшін күресімді басқа тәсілмен жалғастырып келе жатырмын. Яғни бұрынғы

позициямды өзгерттім. Мәселен, кез келген дүкенге немесе асханаға барғанда ондағы қызметкерлер маған мемлекеттік тілде қызмет көрсетпесе үндемей кетіп қаламын. Қазақ тілінде қызмет көрсететін дүкеннен сауда жасаймын, қазақ тілінде қызмет көрсететін асханадан тамақтанамын. Менің қасиетті тілімді мәнсіңбеген мәңгірттерді мен де мәнсіңбеймін. Одан менің ештеңем де кетпейді, есесіне олар бір тұтынушыдан айырылып қалады ғой, – деп сақал-шашын қырау шалған кісі сөзінің аяғын күліп аяқтады. Бірақ ол күлкінің астарында елінің келешегін ойлайтын, тілінің мүшкіл хәліне аландайтын ұлтжанды қазақтың көкірегі көрнеген ашы жанайқай бар еді. Кім білсін, әңгімесін аяқтап, алдына бұрылғанда әлгі кісінің қос жанарынан бір тамшы жас ыршып кеткен шығар...

Автобустағы ағамыздың әңгімесі маған үлкен ой салды. Расында, біз көбіне қоғамның кез келген қисық тұсының түзелуі үшін талап ету керек екенін біле бермейміз және талап етуді тек айқайлап, қоқан-лоқы жасап, қорқытумен шастастырамыз. Ал шындығында қазақ тіліне деген ең үлкен талап – мемлекеттік тілде сөйлемейтін, қазақ тілін білмейтін және үйренгісі келмейтін адаммен қандай жағдайда да диалог құрудан бас тарту және ол қарсылығынды үндемей қоюмен немесе кетіп қалумен білдіру. Сонда мүмкін, қазақ тілінің қазақ қоғамында қолданыстағы тіл ретінде қажеттілігі артып, мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі өсетін шығар.

Қуат АДИС



Сәтбай кесенесі

тығыз байланысты монументальды живописьтің бір түрі «сграффито», яғни қабырғаға салынған немесе сызылған суреттер техникасы пайдаланылған. Қабырғаларға сол кездегі қазақтардың көшін бейнелейтін суреттердің фрагменттері панорама үлгісінде майлы бояумен салынған. Суреттерде қой, жылқы айдалып, жүк артылған түйелер, сол сияқты сәйгүлік ат жетектеген атсейістер мен шабандоздар, қыз-келіншектер мен жігіттер көрінеді. Табиғат көріністері, киік, қасқыр, тағы басқа жабайы аңдардың суреттері тұтас композицияда панорамаға енген. Суреттер толық сақталмаған, көп жерлері өшіріліп, түсіп қалған. Қабырғалардың кейбір жерлерінде қызыл және көк түстермен салынған ою-өрнектердің фрагменттері де ұшырасады. 2005 жылдың сәуір айында кесенеге Қорғау тақтасы орнатылған.

Піреке мешіті

Бұл мешіт бүкіл ғұмырын мешітте балаларды мұсылмандыққа оқытуға арнаған, жергілікті халықтың діни сауатын ашуға



Піреке мешіті

оңтүстігінде 20-25 метр жерде 2 құрылыс нысаны орналасқан. Олар осы мешіттің

Жалағаш жері – тұнған тарих

Халқымыздың тәуелсіз мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі бүгінде қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, келер ұрпаққа жеткізе білуде соншалықты маңызды. Өткеннің тарихын білмей, болашаққа қадам баса алмайсың. Келешек үшін жасалатын кемел істердің, игі бастамалардың, тіпті әлемдік өркениетте орын алу үшін де кім екенінді, қайда туып-өскенінді, туған жеріңнің тарихын білу маңызды. Өйткені, тарих – ұлттың жады. Құрылғанына ғасырға жуықтаған Жалағаш жерін шежіре тұнған мекен деуге болады. Себебі бұл өңірден ақын да, батыр да, дана да, ғалым да, шайыр да, ахун-ишандар да шыққан.

Сәтбай кесенесі

Бұл кесене Сыр бойы қазақтарының «ұйтам» үлгісі бойынша салынып, көлемі 25х25х6 см ортағасырлық күйдірілген қыштан тұрғызылған. Іргетасы мен табаны да сол кірпіштен өрілген. Есігі батыс жаққа қараған. Кесене портал салу арқылы ерекшеленіп тұрады.

Тарихи зерттеулерге сүйенсек, кесененің сыртқы көлемі – 8,2х8 метр, жалпы биіктігі – 5,7 метр. Порталдың биіктігі – 4,5 метр,

төрт бұрышына 4 мұнара тұрғызылған. Әрқайсысының биіктігі – 3,6 метрді құрайды. Кесене біркамералы, төбесі күмбезделіп кетеді. Ішінде төрт қабір жатыр. Төздегі үлкен қабір Сәтбайдікі, қалған үшеуіне немерелері жерленген.

Кесененің ішкі беті ортағасырлық сылақтың бір түрі «ганч» ерітіндісімен сыланған. Бірақ сыланған жерлер опырылған, тек әр жеріндегі сілімдіктері ғана сақталған. Кесененің іші киіз үйдің жабдықталуына ұқсас безендірілген және ол үшін архитектурамен

көп еңбек сіңірген Піреке деген молданың атымен аталады.

Мешіт биік құм төбенің үстінде, үлкен зираттың дәл ортасында орналасқан. Ғимараты жартылай қираған екі бөлмеден тұрады. Сондықтан да оның өлшемін нақты әрі дәл белгілеу мүмкін емес. Бөлменің солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс жақ бетке қараған және қабырғаның дәл ортасында терезелердің орындары орналасқан. Ғимаратта қирап қалған екі кірер есіктің орны аңғарылады. Кіші бөлмеде есіктің орны сақталмаған. Мешіттің

шаруашылық мақсатта пайдаланатын қосымша ғимараттары болуы ықтимал.

Шойбас байддың кесенесі

Кесене Жаңадария ауылының оңтүстігінде «Шойбас» деген жерде орналасқан. Салынған уақыты, шамамен XIX ғасырдың екінші жартысы.

Кесене Сыр өңірінде тұратын қазақтардың «ұйтам» үлгісі бойынша, көлемі 30х21х7,5 см болатын қам ке-

сектерден салынған. Біркамералы, порталды-күмбезді құрылыс. Кесененің ішкі-сыртқы беттері қалың етіп сабан сылаппен сыланған. Жебе тәрізді етіп қаланған қуыстың ішінде орналасқан есігі бар, портал батыс жаққа қаратып салынған. Кесенеге кіреберіс есігін арқа тәрізді үшбұрышты етіп жасаған Жалпы пішіні парабола тәрізді күмбез цилиндрлі күмбезбасты барабанның үстінде орналасқан. Күмбез мықты болып шығу үшін арасына сексеуілдің бұтақтарын қоса қалап жіберген. Күмбездің төбесінде ішкі жарық түсу үшін бірнеше арнайы тесіктер қалдырылған. Квадрат пішінді камераның жоғарыдағы күмбездің шеңберіне қарай жалғасып кетуіне жебе тәрізді үшкір камера бұрыштарынан сыртқа қарай бірте-бірте шығыңқы, яғни көлбеу етіп қаланған. Бұл «парустар» камера еденінен 2,1 метр биіктікте бастау алады. Камераның оңтүстік және солтүстік қапталдарында бір-біріне қарама-қарсы жебенің ұшы тәрізді етіп жасалған қуыс-тесіктер қалдырылған. Кесененің дәл ортасында бір қабірдің орны жатыр. Төрт бұрышында жалпы формасы домалақ болып келетін төрт бағана (гульдаста) тұрғызылған. Кесене Сыр өңірінің Жаңадария және Қуандария өзендерінің кепкен арналары аумағында жиі ұшырасатын жергілікті тайпалардың мемориалдық күмбезді құрылыстарының бір үлгісі ретінде құнды архитектуралық нысан.

Туған жердің тарихын айтып тауысу мүмкін емес. Өңірде бұл секілді тарихи-мәдени маңызға ие киелі орындар көптеп саналады. Сол тарихи мұраларымызды күтіп-ұстап, дәріптей білу кейінгі ұрпақтың парызы. Әрине мұның әрқайсысы тарихи құндылық, ұрпаққа асыл мұра.

Жандос ЖАЗКЕН

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектетеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1312